



**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ – IQAA**

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ҮШІН
ЕСЕБІ**

БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ АКРЕДИТТЕУ

6B02333 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫ (ТҮРІК ТІЛІ)

Астана қ., 2025 ж.

САРАПТАМАЛЫҚ ТОП



Топ жетекшісі:

Қасенов Сәкен Тоқанұлы, Қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қаласы.



Халықаралық сарапшы:

Павлова Людмила Ивановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, мектепке дейінгі білім беру теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, «Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университеті» ФМБ ЖББМ, Мәскеу қ., РФ



Ұлттық сарапшы:

Авакова Раушангул Амиридиновна, филология ғылымдарының докторы, профессор, Тіл теориясы және түркітану кафедрасының меңгерушісі, Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қаласы.



Студенттер өкілі:

Колбоев Болат Рахметович, «Математика» білім беру бағдарламасының 1 курс докторанты, «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» Ке АҚ, Шымкент қ.

IQAA ҮЙЛЕСТІРУШІСІ

Тажибаева Гаухар Баранбаевна, Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі, жоғары оқу орындары мен ҒЗИ аккредиттеу департаменті, сараптама тобының үйлестірушісі

Сараптамалық топтың есебі IQAA-ның зияткерлік меншігі болып табылады. Ақпаратты кез-келген пайдалануға IQAA сілтемесі болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Авторлық құқықты бұзу құқықтық жауапкершіліктің басталуына әкеледі.

6B02333 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫ (ТҮРІК ТІЛІ)

ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕСЕБІНІҢ НАҚТЫ ЖАҒДАЙЫНА СӘЙКЕСТІК ДЕҢГЕЙІ

Стандарттар	Әрбір стандарт бойынша өзін-өзі бағалау есебінің университеттегі нақты жағдайға сәйкестік деңгейін белгілеңіз			
	Толық сәйкестік	Елеулі сәйкестік	Жартылай сәйкестік	Сәйкессіздік
<i>Стандарт 1</i> Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты	+			
<i>Стандарт 2</i> Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару	+			
<i>Стандарт 3</i> Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау	+			
<i>Стандарт 4</i> Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау		+		
<i>Стандарт 5</i> Профессор-оқытушылар құрамы	+			
<i>Стандарт 6</i> Оқу ресурстары және студенттерді қолдау	+			
<i>Стандарт 7</i> Қоғамды ақпараттандыру	+			

МАЗМҰНЫ

1-ТАРАУ. САПАР МАЗМҰНЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Кіріспе	
Университеттің негізгі сипаттамалары.....	

2-ТАРАУ. САРАПТАУ ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ЕСЕБІ

Стандарт 1

Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапа қамтамасыз ету саласындағы саясаты	
---	--

Стандарт 2

Білім беру бағдарламаларының мазмұны	
--	--

Стандарт 3

Профессор-оқытушылар құрамы	
-----------------------------------	--

Стандарт 4

Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау	
---	--

Стандарт 5

Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау	
---	--

Стандарт 6

Ресурстар.....	
----------------	--

Стандарт 7

Бағдарламаны оқу нәтижелері және қоғамдық ақпараттың тиімділігі.....	
--	--

3-ТАРАУ

ҚОРЫТЫНДЫ	
-----------------	--

ҚОСЫМШАЛАР

Қосымша 1

Сыртқы сапар бағдарламасы	
---------------------------------	--

Қосымша 2

Барлық сұхбатқа қатысушылардың тізімі.....	
--	--

Қосымша 3

Университетте қосымша қаралған құжаттар тізімі	
--	--

САПАР МАЗМҰНЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Kіріспе

2025 жылғы 23-24 сәуір аралығында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде бағдарламаны аккредиттеу рәсімі аясында сарапшылық топтың сыртқы сапары өтті.

Сыртқы аудит IQAA агенттігі әзірлеген және университетпен келісілген жоспарға сәйкес бакалаврдың 1 білім беру бағдардамасы бойынша жүргізілді. Комиссия жұмысына қажетті барлық материалдар: сапар бағдарламасы, бағдарламаларды аккредиттеу аясындағы өзін-өзі бағалау есебі (қосымшаларымен), әңгімелесуге қатысушылардың тізімі, сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқаулық, этика кодексі сараптамалық топ мүшелеріне алдына ала білім беру ұйымындағы жұмысты бастамас бұрын беріліп, сыртқы бағалау рәсіміне уақтылы дайындалу мүмкіндігін қамтамасыз етуге жағдай туғызылды.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің өзін-өзі бағалау есебі бағдарламаларды аккредиттеу стандарттарына сәйкес ұсынылған ақпараттың жеткілікті көлемін қамтиды.

Сыртқы сарапшылық топтың сапары бағдарламаға сәйкес визуалды тексеру офлайн және онлайн режимінде жүргізілді.

Университет ректорымен, проректорлармен және құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен кездесу сарапшылар тобына университеттің жалпы сипаттамасымен, соңғы жылдардағы жетістіктерімен және даму перспективаларымен ресми түрде танысуға мүмкіндік берді.

Соның нәтижесінде университеттің оқу, тәрбие және ғылыми процестерінің ұйымдастырылуын, материалдық-техникалық базасын, оның стандарттарға сәйкестігін және аккредиттеуге қатысушы білім беру бағдарламаларының бірегейлігін анықтау мүмкіншілігіне ие болды. ПОҚ, студенттер, түлектер және жұмыс берушілермен сұхбаттар өткізілді. Сарапшылар: тіркеу бөлімімен, студенттік бөліммен, қашықтықтан оқыту бөліміне, ЖОО-дан кейінгі білім және стратегиялық талдау бөлімімен, есеп бөлімімен, HR қызметімен (кадрлар бөлімі), кафедрлармен, кітапханамен, мұражаймен, студенттер үйлерімен және жылыжаймен танысып, зерделеу жүргізді.

Сыртқы аудит жүргізу барысында сарапшылар құжат айналымымен, оқу-әдістемелік, ғылыми-техникалық қамтамасыз етумен, университет веб-сайтымен, сондай-ақ әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында және т.б. электрондық ресурстарда өкілдік етуімен көбірек танысу мақсатында университет пен кафедралардың нормативтік құжаттамаларымен қарап танысты.

Жоспарланған сыртқы сапар шаралары университет құрылымымен, оның қызметімен егжей-тегжейлі танысуға септігін тигізді және

сарапшыларға өзін-өзі бағалау туралы есеп деректерінің университеттегі нақты жағдайға сәйкестігін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

Университеттің негізгі сипаттамалары:

Университет негізі ҚР Президентінің 1991 ж. 6 маусымдағы № 329 Жарлығымен қаланған. 1992 жылы 31 қазанда Анкарада Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының Үкіметтері арасындағы «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін құру туралы» келісімге қол қойылған. Оқу орны білім беру құқығын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім мен ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2012 жылғы 03 ақпанда берілген № АБ 0137408 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. (Рег.№990440008043 28.09.2012 ж.)

2021 жылдың наурызынан бастап Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры қызметін Ж.А.Темірбекова атқарады.

«Ахмет Ясауи» университеті білім беру, бизнес, инженерия, юриспруденция, жаратылыстану, медицина және өзге де Түркістан облысына қажетті мамандықтар бойынша кадр даярлайды.

Университеттің бүгінгі таңдағы білім алушылар контингенті 9980 астам адамды құрайды, оның ішінде грант негізінде оқитындар саны – 5178 адам. Оқу орнындағы шетелдік студенттердің үлес салмағы - 942 адам. ЖОО-да 949 оқытушы қызмет атқарады.

Бүгінгі таңда университет өзін заманауи көпсалалы университет ретінде көрсетті. Жеткілікті материалдық-техникалық база жасалды. Заманауи үлгідегі оқу корпустары бар университет қалашығы салынды.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің бас ғимараты Түркістан қаласында орналасқан және Кентау, Шымкент қалаларында филиалдары бар.

Университет бойынша 11 оқу ғимараты, 7 студенттік жатақхана, 3 жанұялық жатақхана, Мәдениет сарайы, «Яссы» қонақ үйі, студенттер орталық асхана және 8 пәтерлі 10 үй Мағжан қалашығы, ғылыми кітапхана ғимараты, клиника диагностикалық орталығы бар және студенттердің білім алуына қолайлы жағдайлар жасалынған.

Түркістан қаласында Б.Саттарханов даңғылы №29В университет кампусы 114,5 га аумаққа орналасқан. Түркістан қаласында университет ғимараттары үш аулаға орналасқан. Студенттердің білімін жетілдіру және тәжірибе жинақтауы үшін 86,8 га жерге орналасқан ботаникалық бағы, 70га Тораңғыл көл оқу базасы, Машат шатқалында Яссы сауықтыру лагері бар.

Университет кампусында 5 ашық футбол, баскетбол, волейбол, теннис спорт алаңдары, ал ғимараттарда 12 жабық бокс, карате, күрес, баскетбол, волейбол, футбол, фитнес, тренажер спортзалдары бар. Оқу, жатақхана ғимараттарында асхана, буфеттер бар.

Университет кампусы аумағында тереңдігі 800 метрлік құдық арқылы экологиялық таза ауыз сумен қамтамасыз етілуде. Университет кампусы аумағы көгалдандырылған, жаяу жүргінші, көлік жүретін жолдары бар.

Қазіргі уақытта университетте 100-ден астам бакалавриат, магистратура, докторантура және резидентура білім беру бағдарламалары аккредиттелген. Оқу процесі 14 оқу және 2 әкімшілік ғимаратында орналасқан мекен-жайларда өтеді. Медицина факультетінің оқу зертханалары мен симуляциялық орталығы, университет клиникасы және «Яссы» қонақ үй кешені, университеттің мәдени орталығының ғимаратында орналасқан өндірістік орталық, екі мұражай (археология және тарих) қызмет етеді. студенттерге арналған эксперименттік база студенттерге теориялық біліммен қатар практикалық дағдыларды алуға мүмкіндік береді. Барлық оқу ғимараттарында жаттығу залдары мен жалпы ауданы 46 687 м² болатын 8 ашық спорт алаңы бар. Студенттер мен университет қызметкерлерінің денсаулығын сақтау, алғашқы медициналық көмек көрсету және жыл сайынғы профилактикалық іс-шараларды өткізу үшін жалпы ауданы 10 649,8 м² «АЙ» дәрігерлік амбулатория және емдеу-диагностикалық емханасы жұмыс істейді. Түркия бюджетінен мақсатты қаржыландыруға бөлінген қаражатқа спорт кешені, корттар, спорт алаңдары мен футбол алаңы салынып, жабдықталған. Жалпы ауданы 47 464,4 м² болатын 8 жатақханада 3000-нан астам студент тұрады. 500 орынға есептелген университет асханасы студенттер мен қызметкерлерді күнделікті тамақпен қамтамасыз етілген. Университет басшылығы 72 пәтерді құрайтын 10 коттеджде профессорлық-оқытушылар құрамының тұруына барынша жағдай жасауға да ерекше көңіл бөлген.

Университетте мүмкіндігі шектеулі студенттердің кедергісіз, қауіпсіз және жайлы жүріп-тұруы, ғимараттар мен құрылыстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Мүгедек білім алушылар мен мүгедек адамдардың оқу-әдістемелік материалдар мен ақпараттық ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз ету инклюзивті білім берудің арнайы кабинеттерінің жұмыс істеуі арқылы инклюзивті білім берудің Ресурстық орталығы шеңберінде ұйымдастырылады.

Мамандар даярлаудың бакалавриат, магистратура, докторантура сатылары жүзеге асырылуда. 169 білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлайды.

Университет құрылған жылдар ішінде Түркістан қаласының қала құраушы нысанына айналып, облыстың білім, ғылым, мәдени, әлеуметтік әлеуетін арттыруға зор ықпал етті. Сонымен қатар Түркістан өңірінің экологиялық мәселелерін ғылыми тұрғыдан шешуге де өз әлеуетін жұмсайды. Университетте халықаралық қатынастарды кеңейту бойынша үздіксіз жұмыс жүргізілуде, көптеген отандық және шетелдік озық білім беру мекемелерімен тікелей байланыстар қалыптастырылған. Білім және ғылым саласында Еуропа мен Азияның, оның ішінде ТМД мемлекеттерінің 37 шетелдік ЖОО-мен ынтымақтастық туралы келісімшарттар жасалған. Университетте алты ғылыми-зерттеу институттары табысты жұмыс істеуде: «Экология ҒЗИ»,

«Түркология ҒЗИ», «Жаратылыстану ҒЗИ», «Еуразия ҒЗИ», «Археология ҒЗИ» және «Ясауитану ҒЗИ».

Оқу орнында тек білім мен ғылымға ғана емес, рухани-мәдени тәрбиеге де ерекше көңіл бөлінеді. Рухани-іс-шаралардың өзегі болып табылатын жастарды тәрбиелеудің бірегей тұжырымдамасын іске асыратын «Ахмет Ясауи» университеті өзін республикалық деңгейде танытты.

2024 жылы Ахмед Ясауи университеті Quacquarelli Symonds (QS): Asia University Rankings (2023 жылы 10-орын) бойынша Орталық Азиядағы университеттер санатында 7-орынға ие болып, өз позициясын жақсартқан.

Университет мекенжайы:

161200, Қазақстан Республикасы

Түркістан қаласы, Б.Саттарханов, 29

Телефондар: +7 7253363636

Факс: +77253363636

E-mail: info@ayu.edu.kz

1-СТАНДАРТ. «БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ»

Дәлел мен талдау:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің сапаны қамтамасыз ету саясаты мен академиялық адалдық ұстанымдары оқу орнының Академиялық саясатына (28.08.2020 жылдан), Ішкі сапаны қамтамасыз ету және стратегиялық талдау бөлімі Ережесіне (24.02.2021 жылдан), 2022–2026 жылдарға арналған даму стратегиясына (19.02.2022 жылдан) және басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес реттелген. Ол құжаттар өз кезегінде ҚР «Білім туралы» Заңынан бастап, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» университеттің даму стратегиясын басшылыққа алып жасалған. Сапа саласындағы саясат университет стратегиясында айқындалған миссияға, стратегиялық талдау нәтижелері мен даму бағыттарына сай. ЖОО-ның сапа саласындағы саясаты барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімді. Университет сайтында орналастырылған.

Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің процестерінің тиімділігін тұрақты бақылау үшін университеттің барлық факультеттерінде Сапаны қамтамасыз ету комиссиялары құрылды. Бұл Комиссиялар – факультеттерде сапаны қамтамасыз ету қызметін ұйымдастыру, іске асыру және бағалау бойынша қадағалау жүргізетін алқалы органдар болып табылады. Факультеттің Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының қызмет бағыттары мен міндеттері факультеттің Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы туралы Ережеде көрсетілген.

Факультеттің Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының құрамына оқытушылар, студенттер, магистранттар, докторанттар және басқа да ғылыми-педагогикалық қызметкерлер кіреді. Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының отырыстарына университеттің әкімшілік-басқару аппаратының өкілдері қатысады. Факультеттің Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының мониторинг нәтижелері факультеттің Оқу-әдістемелік комитетінде талқыланып, басқарушылық шешімдер қабылданады.

Барлық факультеттердегі Сапаны қамтамасыз ету комиссияларының қызметін үйлестіру және біріздендіру жұмыстарын Академиялық департамент жүзеге асырады. Айқындалған жалпы және жүйелі мәселелер Оқу-әдістемелік комитетте, Университет Сенатында талқыланып, қажетті басқарушылық шешімдер қабылданады.

Комиссияның құрамы, жоспарлары және жұмысының нәтижелері университеттің веб-сайтында жарияланады.

Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты Университет Сенатының отырысында бекітілді.

Академиялық адалдық тексеру нысанындағы білім беру үдерісінің негізгі құндылықтарының бірі болып табылады. 2023 жылдың желтоқсан айында университетте адалдық қағидаларын сақтауды бақылауды күшейту мақсатында тәуекел-менеджер және комплаенс-офицер лауазымдары енгізілген.

Академиялық адалдық университеттің білім беру үдерісіндегі негізгі құндылықтардың бірі болып табылады. Университетте Академиялық адалдық кодексі; Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесі; Білім алушылардың ар-намыс кодексі; ОПҚ мен қызметкерлердің корпоративтік мәдениет кодексі; Этика және тәртіптік комиссияның қағидалары қолданылады.

Ол «Ахмет Ясауи» университетінің этика бойынша Кеңесінің ережесіне», ЖОО-да жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеруге қатысты «Антиплагиат» жүйесін қолдану туралы ереженің» (31.08.2021 ж.) талаптарына сәйкес қамтамасыз етіледі. Плагиат немесе өзіндік плагиат фактілері айқындалғанда «Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесінде» (ПУ-МКТУ-100-2022) көрсетілген шаралар қолданылады.

Ол сәйкестіктерге БББ құжаттарымен, университеттің стратегиялық жоспарымен танысу барысында және сараптамалық жұмыстарды жүргізу кезінде көзіміз жетті.

Оқу орнында 6B02333 Шетел филологиясы (түрік тілі) білім беру бойынша кадрларды даярлау 2010 жылғы 03 ақпанда берген АБ сериясы, №0137408 мемлекеттік лицензиясына сәйкес жүзеге асырылады. Атап айтқанда, аталған білім беру бағдарламасына сәйкес мамандарды Филология факультетінің «Түрік филологиясы» кафедрасы даярлайды.

Докторанттармен, профессорлық-оқытушылық құраммен және құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерімен сұхбат, сондай-ақ дәрістерге қатысу барысында олардың барлығы 6B02333 Шетел филологиясы (түрік тілі) білім беру бағдарламасының модульдік кешенімен жеткілікті деңгейде танысқандығы анықталды. Білім алушылар да, түлектер де БББ шеңберіндегі құзыреттілік талаптарын және бітіруші моделін толық біледі. Пән силлабустары БББ модульдік кешеннің құзыреттілік талаптары және білім беру нәтижелеріне сай жасалған.

Кафедра жанында ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рахманқұл Бердібай атындағы конференц-зал (101); түрік тілін оқытудың заманауи әдістемелік кабинеттері бар (403- ауд, 405-ауд, 407- ауд, 408- ауд, 410- ауд,). Кабинеттердің безендірілуі, ондағы көрнекіліктер БББ оқу жоспарындағы пәндерді меңгеруге өзіндік ықпал жасайды.

Жоғары мектеп жүйесіндегі оқу-әдістемелік семинарлардың тұрақты жұмыс істеуі маңызды. «Түрік филологиясы» кафедрасы жанындағы оқу-әдістемелік семинардың жоспары мен жүргізілген семинарлар хаттамалары біздің бұл ойымызды бекітеді.

Оқу орнында академиялық адалдық пен еркіндікті қолдау үнемі басты назарда ұсталынады. Бұл ретте оны жүзеге асырудың заңдық тетіктері жасалған. «Ахмед Ясауи» университетінің этика бойынша кеңесінің ережесі, ПОҚ Академиялық Ар-намыс кодексі, «Антиплагиат» жүйесін қолдану туралы Ереже әзірленген. Университетте барлық жазбаша жұмыстарды, соның ішінде ғылыми мақалалар, тезистер, докторанттардың диссертацияларын тексеруге арналған бағдарламалық жүйе (StrikePlagiarism.com) қолданылады. ПОҚ оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерін және диссертациялық жұмыстарын бағалау мәтіннің пайдаланылуын тексеру қағидалары негізінде жүргізіледі. №1 ұқсастық коэффициентінің шекті мәні - 40%, № 2 ұқсастық коэффициентінің шекті мәні -10%. Университет докторанттарының, магистранттарының, студенттерінің, оқытушыларының «жазбаша жұмыстарға тексеру жүргізу қағидаларын» бекіте отырып, оқу және ғылыми қызметтің ұйымдастырылуы мен сапасын жақсарту мақсатында жазбаша жұмыстардың өз бетінше орындалуын тексеру тәртібі айқындалады. Мұндай енгізу білім алушылардың дербес талдамалық жұмысқа жауапкершілігі мен дайындығын арттыру мақсатында орындалады.

Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты Университет Сенатының отырысында бекітілген.

Құқық бұзушылық пен сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыстардың алдын алу және тәртіпті нығайту мақсатында университетте Сенім жәшігі, ректордың блогы жұмыс істейді. Профессор-оқытушы құрам докторанттардың тапсырмаларын бағалау үшін ашық критерийлерді қолданады және оларды білім алушыларға жария түрде жеткізеді. Бұл жүйе Академиялық саясатта көрініс тапқан.

Университетте сапаны қамтамасыз ету және академиялық адалдық саласында докторантураның білім беру бағдарламаларын іске асырудың барлық кезеңдерін қамтитын кешенді саясат қалыптастырылған. Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі Даму стратегиясымен үйлестірілген, халықаралық стандарттарға (ESG, Зальцбург қағидаттары) және мемлекеттік талаптарға сәйкес келеді.

2024 жылдың басында Ахмет Ясауи университеті Quacquarelli Symonds (QS): Asia University Rankings рейтингі бойынша Азия континентіндегі 686 университет арасында 203-ші орынды иеленді (2023 жылдың басында 239-орын).

2024 жылы Ахмет Ясауи университеті Quacquarelli Symonds (QS): Asia University Rankings (2023 жылы 10-орын) бойынша Орталық Азия елдерінің университеттері санатында 7-орынға ие болып, өз позициясын жақсартты.

2023 жылы Ахмет Ясауи университеті пәндік салалар бойынша QS WUR Ranking By Subject рейтингінде орын алды:

- «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» салалық рейтингінде 394 орын;
- «Қазіргі тілдер» пәндік рейтингінде 215 орын (201-250 арасындағы позиция);
- «Білім және оқыту» (Education and Training) позициясында 301-350 арасындағы орын;

Ахмет Ясауи университеті де аймақтық рейтингтерге қатысып, QS Asia University Rankings рейтингінде Азиядағы 856 университет арасында 203-орынға ие болды.

Webometrics Ranking of World Universities рейтингінде Ахмет Ясауи университеті 2022 жылы әлем университеттері арасында 4595 орын, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары арасында 5 орын, 2023 жылы әлем университеттері арасында 4845 орын, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары арасында 9 орын алды.

2023 жылдың шілде айында университетіміздің веб-сайты әлемдік университеттер рейтингінде 4845-ші орынға ие болды.

Түлектерге арналған барлық ақпарат университет сайтында орналасқан.

Сыртқы сарапшылар университеттің жеткілікті материалдық-техникалық базасының, мамандандырылған зертханалар мен кабинеттердің, ақпараттық технологиялар мен ресурстарды дамытудың жоғары деңгейінің, кафедраның іс-тәжірибе базаларының болуы, практик қызметкерлерді оқытуға тарту, ПОҚ біліктілігін тұрақты арттыру, жергілікті атқару органдарының тапсырысы бойынша оқитын студенттердің болуы университеттің білім берудегі сапа мен адалдық саясатын қамтамасыз етуге толық кепіл болады деп санайды.

Білім беру бағдарламасының бірінші стандарты бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

2-СТАНДАРТ. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ, АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ

Дәлелдемелер және талдау:

Біз қарастырған 6B02333 Шетел филологиясы (түрік тілі) білім беру бағдарламасы университеттің білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту жөніндегі ішкі ережеге сәйкес әзірленген және бекітілген. Білім беру бағдарламасы қолданыстағы «Жоғары білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына» сәйкес құрастырылған. Атап айтқанда, БББ бағытының коды мен атауы реестрге сәйкес. БББ модульдік кешенінің мазмұны мен құрылымы Балон үдерісі мен ҚР БЖҒМ талаптарына сай. БББ әзірлеуде арнайы жұмыс тобы жұмыс жасайды, оның құрамына кафедра меңгерушісі, тәжірибелі оқытушылар, жұмыс берушілер тарапынан құзыретті мамандар, білім алушылардың өкілдері тартылған. Аудит барысында олардың бірқатарларымен сұхбаттар өткізілді.

6B02333 – «Шетел филологиясы (түрік тілі)» Білім беру бағдарламасының мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық стандарттарға (мысалы, Дублин дескрипторлары, ESG, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары) толық сәйкес әзірленген, жұмыс берушілердің ұсынымдарына сәйкес келтірілген, студенттердің, түлектердің пікірін, еңбек нарығының сұранысын, университеттің миссиясын ескере отырып, болашақ маманның құзыреттілік моделі жасалған, оқыту нәтижелерін анықталған.

Білім беру бағдарламасы сұранысқа ие. Бұл БББ дамыту жоспарының ұзақ мерзімді шараларына сәйкес келеді.

Болашақ маманның құзыреттілік моделін қалыптастыратын және оқыту нәтижелеріне қол жеткізетін БББ мазмұны құрылымдық элемент ретінде модульге сәйкес әзірленген. Модульдер арасындағы логикалық байланыс ескеріледі және пәндерді кешенді оқыту кезінде оқу материалдарының қосарланбауы қамтамасыз етілген. 6B02333 Шетел филологиясы (түрік тілі) білім беру бағдарламасы студенттердің, магистранттардың пәндерді меңгеруіндегі негізгі оқу жоспарын, мақсаттарын, міндеттерін, негізгі құзыреттері мен дағдыларын, оқудың негізгі нәтижелерін, бітірушілер қызметінің ауқымын және бітірушінің моделін қамтиды.

Құзыреттіліктер, оқу нәтижелері, оқу пәндері мен модульдер арасындағы байланысты сипаттайтын матрица қарастырылған. Білім беру бағдарламаларының модульдері мен курстарының мазмұны ECTS кредиттік оқыту технологиясына сәйкес құрылымдалған, оқытудың инновациялық нысандарын қамтиды және инклюзивті білім беруді қоса алғанда, студенттердің әртүрлі санаттарының мүдделерін ескереді. Оқу жоспарының міндетті компоненті бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұны Мемлекеттік білім беру стандартының және пәндердің типтік білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес келеді.

6B02333 – «Шетел филологиясы (түрік тілі)» бакалавриат бағдарламасының жалпы оқу жүктемесі 240 кредитті құрайды. Оның ішінде: жалпы білім беретін пәндер циклі – 56 кредит (міндетті кредит – 51 және таңдау компоненті – 5), базалық және бейіндік пәндер циклі – 176 кредит, оның ішінде базалық құрамдас бөліктер – 109 (университеттік компонент – 79, таңдау компоненті – 30) және бейіндік пәндер – 67 (университеттік компонент – 52, таңдау компоненті – 15), қорытынды аттестаттау – 8 кредит.

Негізгі бейіндік модуль болашақ мамандарда білім беру бағдарламалары бойынша іргелі білімдерді дамытуға бағытталған. 6B02333 – «Шетел филологиясы (түрік тілі)» білім беру бағдарламасында таңдау компонентінің траекториясына келесі модульдер енгізілген: «Әлеуметтік білім және салауатты өмір салты модулі», «Модуль – Тіл тарихы», «Модуль – Тіл білімінің негіздері», «Модуль – Тіл және әдебиет салалары» және «Модуль – Қазіргі түркі халықтарының құндылықтары» болашақ маманның кәсіби қызметіне қолданылатын арнайы құзыреттер тізімін анықтайды.

Университеттің халықаралық мәртебесіне байланысты «Түрік тілі» модулі (пәні) (10 кредит) университеттің міндетті құрамдас бөлігі болып табылады (Өкілетті кеңестің шешімі).

Білім беру бағдарламасының мазмұны, керісінше, элективті модульдер (пәндер) каталогтарынан таңдап алынған студенттердің жеке оқу жоспарларының (Жеке оқу жоспары) модульдерін қамтиды.

6B02333 – «Шетел филологиясы (түрік тілі)» білім беру бағдарламасының мазмұнында элективті компоненттердің үлесі 28% құрайды, бұл Мемлекеттік білім стандартының талаптарына сәйкес келеді.

Бакалавриат бағдарламалары

1. Білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттер контингенті

Курстар бойынша және жалпы ОП бойынша	2024-2025	2023-2024	2022-2023	2021-2022	Всего
6B02333 – «Шетел филологиясы (түрік тілі)»	10	4	12	4	30

1.1 Шетелдік студенттер контингенті

Студент аты-жөні	Оқу жылы	Келген мемлекеті
Генч Илькнур	2022-2023	Туркия
Баран Али	2021-2022	Туркия
Сат Ачыты	2021-2022	Россия

Практика бойынша қорытынды баға кәсіпорыннан (тәлімгерден) практика басшысының бағалауынан – 60% және есепті қорғау кафедрасынан практика басшысының бағалауынан – 40% айқындалады.

Оң тәжірибе: Студенттерге 1 курстан бастап түрік тілін меңгеруге өте жоғары көңіл бөлінеді. 6B02333 – «Шетел филологиясы (түрік тілі)» мамандығын бітірген студенттер өз университеттерінде түрлі қызметтерге қалдырылады және Қазақстанның барлық жерлерінде, шет елдерде түрік тілі мұғалімі, аудармашы-референт т.б. қызметтерге орналаса алады.

Ұсыныс: ОП құрылымына minor-бағдарламалар жүйесін әзірлеу және енгізу бойынша кешенді жұмысты бастау ұсынылады. Сондай-ақ дуальды оқыту моделін жүйелі түрде дамыту бастамасын көтеру ұсынылады.

Білім беру бағдарламасының екінші стандарты бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

3 - СТАНДАРТ. «СТУДЕНТКЕ БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ»

Дәлелдемелер және талдау:

Білім беру сапасы бірқатар көрсеткіштермен анықталады, олардың арасында білім беру ресурстарының сапасы, атап айтқанда, оқыту ресурстары мен студенттерді қолдау басты орын алады.

6B02333 – «Шетел филологиясы (түрік тілі)» мамандығының оқытушылары мен студенттеріне кампустық типтегі университеттің заманауи материалдық-техникалық базасы қолжетімді, ол: 13 оқу корпусын қамтиды, әр корпуста медициналық пункт, асхана, буфет бар, бұл ББ-ның барлық талаптарын қанағаттандырады. Университеттің 8 жоғары жайлы жатақханасы бар. Ең алдымен жатақханамен шетелдік білім алушылар қамтамасыз етіледі.

Ахмет Ясауи университеті білім алушыларға бағдарланған оқыту процестерін білім беру бағдарламаларына енгізеді: оқытудың икемді траекторияларын әзірлеуді қамтамасыз етеді; білім алушылардың оқу процесіне ынтасы мен тартылуын арттыру үшін жағдайлар жасайды; оқыту нәтижелерін бағалаудың дәйектілігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді.

Білім алушыларға бағдарланған оқыту студенттерді оқуға ынталандыруды, белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруды және кәсіби дағдыларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Студенттердің белсенді қызметі білім беру бағдарламаларының мазмұнын анықтауды, білім беру траекториясын дербес қалыптастыруды, оқытушыны таңдауды, оқытудың тиімділік деңгейін және оқыту әдістемелерін бағалауды, ПОҚ-тың кәсіби қасиеттерін бағалауды, оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету деңгейін бағалауды қамтиды.

Білім алушылар ББ-ға қабылданған күннен бастап олардың білікті маман болуы үшін барлық жағдайлар жасалады және білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған жеке білім беру бағдарламасын қалыптастыру кезінде оқыту тіліне қарамастан тең мүмкіндіктер қамтамасыз етіледі.

1. 1. Студенттердің академиялық ұтқырлығы туралы мәліметтер

№	Студент аты-жөні	Оқу мерзімі (кредиттер саны)	БББ енгізу бойынша шетелдік серіктес Қабылдаушы тарап (университет, ғылыми-зерттеу институты)
1	Генч Илькнур	2024-2025 оқу жылы 30 кредит	Қырғызстан Республикасы Манас университеті
2	Жумагул Улдана	2023-2024 оқу жылы 30 кредит	Түркия Республикасы, Орду университеті
3	Талғатқызы Аружан	2023-2024 оқу жылы 30 кредит	Түркия Республикасы, Орду университеті

4	Батаева Шугыла	2024-2025 оқу жылы, 30 кредит	Қырғызстан Республикасы Манас университеті
---	-------------------	----------------------------------	---

Академиялық ұтқырлық туралы деректер – БББ бойынша шақырылған шетелдік профессорлардың/маман-практиктердің дәрістері

№	Курс атауы	Шетелдік профессордың мәліметтері	Академиялық ұтқырлық кезеңі
1	Көне түркі тілі	Доцент Хусейн Йылдыз	2023-2024 оқу жылы
2	Түрік тілі	PhD Эбру Кабакчы	2024-2025 оқу жылы
3	Түркі фольклоры	PhD Тойчиева Махвуза	2024-2025 оқу жылы
4	Түрік тілі	PhD Туракулова Окила	2024-2025 оқу жылы
5	Түрік тілі	PhD Камбарова Саодат	2024-2025 оқу жылы
6	Көне түркі тілі	PhD Ниозметова Роза	2024-2025 оқу жылы
7	Түрік тілі	PhD Юсупова Турсуной	2024-2025 оқу жылы

Материалдық-техникалық база туралы мәліметтер (оқу-зертханалық)

№	Оқу-зерттеу зертханасының атауы	Аппараттық/бағдарламалық қамтамасыз ету өнімдері	Аудан/шаршы метр
1	№403 Тіл лабораториясы	Интерактивті тақта, маркерлік тақта	73,7
2	№405 Тіл лабораториясы	Интерактивті тақта, маркерлік тақта	73,2
3	№407 Тәжірибелік сабақтарға арналған аудитория	Интерактивті тақта, маркерлік тақта	37,8
4	№408 Тәжірибелік сабақтарға арналған аудитория	Интерактивті тақта, маркерлік тақта	55,3
5	№410 Тәжірибелік сабақтарға арналған аудитория	Интерактивті тақта, маркерлік тақта	55,3

Университетте әр оқу жылының басында бірінші курс студенттері анықтамалықпен қамтамасыз етіледі. Ол әрбір білім алушыға қол жетімді. Анықтама-жолсілтемеде ішкі тәртіп ережелері, барлық қызметтердің жұмыс тәртібі, телефон анықтамасы, оқу ақысын төлеудің тәртібі, оқу курстары

туралы ақпарат, университеттің миссиясы, кредиттік технология бойынша оқу процесі, оқу пәндеріне жазылудың тәртібі, ғылыми кітапхананы пайдаланудың жалпы тәртіптері, білім алушылардың біліміне ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау жүргізудің ережелері, білім алушыларды ауыстыру және студент қатарына қайта қабылдаудың ережелері көрініс тапқан.

Жалпы, оқу пәндеріне жазылудың ережелері мен тәртіптері, игерілген кредиттерді есептеу және қайта есептеу ережелері, емтихандарға қойылатын талаптар мен тағы басқа қажетті мәліметтер университеттің <http://ayu.edu.kz> сайтында орналастырылған.

Білім алушылардың оқу жүктемесі оның жеке бас қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларының барлық компоненттері мен элементтерін студенттің жеке оқу жоспарларында толық көрсету арқылы жасалады. Оқу жоспары мен пәндер каталогының негізінде білім алушылар өз беттерінше оқудың өзіндік дербес траекториясын қалыптастырады. Білім алушылар жеке оқу жоспарында көрсетілетін міндетті және элективті пәндердің қажетті санын таңдайды. Пәнге жазылу студенттердің таңдау еркіндігін сақтай отырып, офис тіркеушілері және эдвайзерлердің қолдауымен жүргізіледі. Оқу жетістіктері апта сайын бағаланады, бағалау саясаты мен рәсімдері силлабустарда көрсетілген. Қорытынды аттестациялау нәтижелерін білім алушылар апелляцияға бере алады.

Білім алушылардың білімін бағалаудың нәтижелері «Platonus» ААЖ жедел көрініс табады. «Platonus» ААЖ электрондық үлгерім журналы арқылы білім алушылар күн сайын оқытушылардың дәрістік, семинарларлық, зертханалық сабақтарда және өзіндік жұмыстарды орындау бойынша қойған бағаларын көре алады.

Оқу орнында студенттердің академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде білім алуларына жағдайлар жасалып, қазақстандық көптеген оқу орындарымен студенттік алмасулар туралы келісім-шарттар жасалған.

Академиялық үлгерімге уақытылы қол жеткізе алмаған студенттер академиялық қолдау алады. Кафедраның ПОҚ білім алушылардың үлгермеуінің алдын алу шараларын қабылдайды. Семестр бойы оқытушылар қарыздардың алдын алу мақсатында қосымша кеңестер өткізеді, науқастануы бойынша сабақтарды өткізіп алған жағдайда және тиісті ұйымның құжатымен расталған науқастануы немесе басқа да дәлелді себептер бойынша белгіленген мерзімде емтихан сессиясын тапсырмаған білім алушылардан қосымша сабақтар қабылдайды, сессия белгіленген тәртіппен ұзартылады. Жазғы семестр кезінде қарызын жоймаған және ауысу балын ала алмаған білімгер қайта оқу курсына ақылы негізде қалдырылады.

Білім алушыларға оқу үдерісінен бөлек әлеуметтік, психологиялық қолдау көрсетіледі, оқуға терең қызығушылық танытатын студенттерге қабілетіне қарай түрлі тапсырмалар беріліп, арнайы ғылыми зерттеу жұмыстарына

тартылады. Айталық, бұл ретте «Түрік филологиясы» кафедрасында «Түркітану» секілді ғылыми бағыттағы үйірме жұмыс жасайды.

Студенттерге «ИРБИС» бағдарламасымен жабдықталған кітапхананың инновациялық моделі жұмыс жасайды. Каталогпен жұмыс жасаудың екі түрі жүргізіледі: электронды және дәстүрлі. Кітапхана ақпараттық базаны үнемі жаңартып отырады. Барлық білім беру бағдарламалары үшін студенттерге веб-сайт негізінде ақпараттық қолдау көрсетіледі.

ЖОО-да студенттерге жеке бастарының іскерлік қасиеттері мен табиғи дарын, қарым-қабілеттерін жетілдіруге бағытталған көптеген үйірмелер мен курстарға қатысу мүмкіндіктері жасалған. Университетте жастар саясатын жүзеге асыратын Жастар клубы құрылған. Ол оқу орнының студенттермен тығыз қарым-қатынас орнатып, туындаған мәселелерді жедел шешуге ықпал жасайды.

БББ-да мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оқытудың жекелеген мәселелері шешімін тапқан. Пән силлабустары инклюзивтік білім беру сұрақтарын қарастырады. Тірек-қимыл аппараттары шектеулі студенттердің оқу ғимараттарына көтерілуі үшін пандус орнатылған.

ЖОО-да студенттерге әлеуметтік қолдау бар. Қажеттілікке орай олар жатақханамен қамтамасыз етіліп, оқу ақыларына санаттарына қарай қаржылай жеңілдіктер ала алады.

Ұсыныс: Қазақстан Республикасы ЖОО-дан келісімшарт негізінде 6B02333 – «Шетел филологиясы (түрік тілі)» БББ оқитын студенттерді академиялық ұтқылық бойынша бір немесе екі семестрге шақырытса, сонымен қатар студенттерге арналған жаздық курстарды ұйымдастырса университет беделі, халықаралық мәртебесі тағы да аса түсер еді.

Білім беру бағдарламасының үшінші стандарты бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

4-СТАНДАРТ. «СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМ, ТАНУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ»

Дәлелдемелер және талдау:

Ұйымдастырылған сыртқы аудит нәтижесі оқу орнында студенттерді оқуға қабылдаудың, олардың үлгерімін қадағалаудың, танудың және сертификаттаудың қолданыстағы заңнамалық және нормалық құжаттардың аясында комиссиялық түрде жүзеге асырылатынын көрсетеді. Атап айтқанда, 6B02333 «Шетел филологиясы (түрік тілі)» БББ-ға университетке білім алушыларды қабылдау ҚР Білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгілік қағидаларының және Ахмет Ясауи университетіне студенттерді қабылдау ережесінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Оқуға қабылдау тәртібі мен критерийлері, БББ тізбесі және оларға қатысты барлық мәліметтер университет сайтының «Талапкер» бөлімінде алдын ала орналастырылады.

Жыл көлемінде қабылдау комиссиясы жұмыс жасайды. Сонымен қатар талапкерлерге қажетті барлық ақпараттар визуализацияланады және мерзімдік баспасөз беттерінде, әлеуметтік желілерде жарияланады.

Ахмет Ясауи университеті — түркі әлеміндегі бірегей университет, ЖОО-да әлемнің 17 елінің жастары мен 30 ұлт пен ұлыс өкілдері арасында мәдениетаралық диалогы мен ұлтаралық толерантты тәрбие жүріп жатыр. Қазіргі жаһандану жағдайында Түркі тілдес әлемді рухани біріктіруші білім беру орталығы ретінде Ахмет Ясауи университетінің идеологиялық маңызы зор.

Білім беру қызметі білім берудің барлық деңгейлері мен тоғыз саласы бойынша 153 білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады: Педагогикалық ғылымдар, Өнер және гуманитарлық ғылымдар, Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат, Бизнес, басқару және құқық, Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары, Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина). Университетке жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады. Оқуға тапсыратын талапкерлерге қойылатын талаптар қатаң сақталады.

Оқу орнындағы кәсіби бағдар жұмыстарын әр кафедра жоспар негізінде жүргізеді. Орталық талапкерлерді тұрақты қабылдауды қамтамасыз ету үшін кәсіби жұмыстың әр түрлі формаларын жүргізіп отырады.

Айталық, болашақ студенттер үшін таныстыру презентациялары және олармен жеке әңгімелесулер, БАҚ-та жарнамалық акциялар, әлеуметтік желілерде ББ бағдарламасын насихаттайтын материалдар мен посттар салынады, ашық есік күндері т.б. өткізіледі. Мысалы, тексеру жылының сәуір айында кәсіби бағдар шеңберінде «ТҮРКІТАНУ» кәсіптік бағдар беру керуені ұйымдастырылған.

6B02333 Шетел филологиясы (түрік тілі) БББ-ға да контингентті қалыптастыру ақылы негізде жүзеге асады. «Түрік филологиясы» кафедрасының бакалавриат бойынша контингенті оқу жылдарына шаққанда төмендегідей:

- 2021-2022 оқу жылы – 4 білім алушы;
- 2022-2023 оқу жылы – 12 білім алушы;
- 2023-2024 оқу жылы – 4 білім алушы;
- 2024-2025 оқу жылы – 10 білім алушы.

Ал БББ-да 2 Түркия Республикасының, 1 Ресей азаматы білім алып жатыр. Шетелдік студенттер үшін арнайы бейімдеу қолдау бағдарламалары жасалған.

Білім беру бағдарламасын іске асыру кезінде білім алушының бағдарламаны орындауға қабілеттілігі мен дайындығын анықтайтын, сондай-ақ оқытудағы проблемаларды анықтайтын толық диагностикалық бақылау қарастырылған. Жұмыс берушілердің түлектер дайындығы сапасымен қанағаттандырылу мониторингі оларға сауалнамалар жүргізу арқылы, қорытынды аттесттаттау комиссия мүшесі ретінде қатыстыру, іс-тәжірибеде

болған студентке мінездеме беру, дипломдық жұмыстарға сын-пікір беру арқылы жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері кафедра отырысында жүйелі түрде қаралады.

6B02333 – «Шетел филологиясы (түрік тілі)» ББ-на 1-курсқа қабылдау бойынша студенттер контингентінің динамикасы

Оқу жылдары	Бағдарлама атауы	Контингент
2021-2022	6B02333- Шетел филологиясы (түрік тілі)	4
2022-2023	6B02333- Шетел филологиясы (түрік тілі)	10
2023-2024	6B02333- Шетел филологиясы (түрік тілі)	5
2024-2025	6B02333- Шетел филологиясы (түрік тілі)	12

Сонымен қатар, ҚР БҒМ - нің 6B02333-Шетел филологиясы (түрік тілі) ББ бойынша кадрлар даярлауға мемлекеттік тапсырысы Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ ресурстық мүмкіндіктерін (үй-жайлардың ауданы, ОПК саны, оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етілуі, практика базаларының өткізу қуаты, оқыту және тұру үшін әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар) ескере отырып қалыптастырылады.

ҚР және ТР мамандықтары гранттарының көрсеткіші

	Жылдар	ҚР гранты	ТТЕ гранты	ТР гранты	Ақылы	Барлығы
1	2021-2022		2	2		4
2	2022-2023		1	9		10
3	2023-2024			4	1	5
4	2024-2025			11	1	12

1-курсқа түскен студенттерді бейімдеу үшін бағдарлау апталығы өткізіледі, онда факультет деканы, кафедра меңгерушісі және эдвайзерлер кредиттік технология ережелері, білімді бағалау жүйесі, GPA есептеу және курсқа көшіру ережелері туралы кіріспе сабақ өткізеді, кафедралармен, университеттің күнделікті ережелері мен жарғысымен, жатақханада тұру ережелерімен, корпоративтік этика кодексімен және университетте қолданыстағы кітапхананың жұмыс режимі, оқу залдары мен абонемент пайдаланушыларының нұсқаулықтарымен, ақпаратты электрондық іздеу жүйесі бар студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарымен, анықтамалық нұсқаулықпен таныстырады,

Университетте 1-курс студенттерін бағдарлау рәсіміне қатысатын студенттерді қолдаудың әртүрлі қызметтері құрылған. Университет студенттерге білім беру бағдарламаларын игеруге жан-жақты көмек көрсетеді: білім алушыларды қолдау қызметтері құрылды, эдвайзерлер бірлігі енгізілді, лингвистикалық орталықта шет және түрік тілдерін меңгеруде білім беру процестерін жүргізу және білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру үшін барлық жағдайлар жасалған.

Оқу орнында жүйелі түрде бітірушілерді жұмысқа орналастыру, олармен кері байланыс жасау жұмыстары жолға қойылған. Жұмысқа орналастыру және мансаптық өсу бойынша оқу-әдістемелік бөлімінің маманы жетекшілік етеді. Бұл мақсаттағы жұмыстар дәстүрлі «Бос орындар жәрмеңкесінде» жүргізіледі.

БББ-ң бітіруші түлектері еңбек нарығында сұранысқа ие. Кафедра түлектеріне көмектесу үшін олармен байланысты үзбей, түлектердің мансаптық өсуі туралы мәліметтер жиналады.

Түлектердің жұмысқа орналасуы тұрақты түрде қадағаланады. 2018-2022 жылдар аралығындағы олардың қызметке тұру динамикасында өсу бар.

Білім беру бағдарламасы 6B02333 – «Шетел филологиясы (түрік тілі)» бойынша Қазақстан Республикасы тарапынан мемлекеттік гранттық орындардың бөлінбеуі бағдарламаның тартымдылығын төмендетеді және білікті кадрларды даярлауға кері әсерін тигізуі мүмкін. Университет басшылығының ҚР Оқу-ағарту министрлігімен тығыз ынтымақтастық орнатып, аталған бағдарлама бойынша гранттық орындар бөлу мәселесін көтеруі өзекті болып табылады.

Ескерту: Студенттердің академиялық алмасуға қатысуы шектеулі.

Ұсыныс: Білім беру бағдарламасының интернационалдануын студенттердің академиялық алмасу бағдарламаларына қатысуын кеңейту, сондай-ақ Түркия Республикасының жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты дамыту арқылы күшейту ұсынылады.

Білім беру бағдарламасының төртінші стандарты бойынша сәйкестік деңгейі – елеулі сәйкестік.

5-СТАНДАРТ. «ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ»

Дәлелдемелер және талдау:

Персоналды басқару Университет миссиясы мен мақсаттарына сәйкес Ахмет Ясауи университетінің кадр саясаты негізінде жүзеге асырылады. ЖОО-да, соның ішінде «Түрік филологиясы» кафедрасында толыққанды академиялық орта бар. Олардың сандық құрамы және сапалық сипаты сараптауға ұсынылған БББ-ы үшін толық жеткілікті. Педагог кадрлар білім беру қызметін лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Мамандық бойынша базалық білім беру 100% құрайды, ғылыми дәрежелері мен атақтары бар ПОҚ әлеуеті мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа толық сәйкес келеді.

Мәселен, 2024-2025 оқу жылында білім беру бағдарламасының базалық білімі бар және кафедраның штаттық оқытушылар саны – 16, оның ішінде 2 ғылым кандидаты (2 доцент), 14 PhD маманнан тұратын жоғары профессор-оқытушылар құраммен жасақталған. Біліктілік талаптарына толық сай.

Штаттағы оқытушылардың орташа жасы – 45 жас. ПОҚ 100% 72 сағаттан кем емес біліктілікті арттыру курстарынан өткен.

ЖОО және кафедра басшылығы тарапынан ПОҚ-тың қолайлы жұмыс жағдайлары қамтамасыз етілген. Атап айтқанда, әрбір оқытушы заманауи үлгідегі жұмыс орнымен, интернетпен, ноутбуктермен жарақтандырылған.

Кафедраның профессор-оқытушылар құрамының атқаратын лауазымы біліктілік деңгейіне, белгіленген білім саласындағы ғылыми дайындығының жоғары деңгейіне сәйкес келеді. ПОҚ-тың жеке жұмыс жоспарларын зерделеу және соған сәйкес есептерінің дайындалу деңгейі жоғары. Олардың барлығы құзырлы лауазымдық тұлғалармен қаралып, бекітілген.

Есепті уақытта кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамының барлық пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендері бар. Оқу-әдістемелік кешеннің сапасына жүргізілген талдаулар олардың БББ-ның модульдік кешенімен сәйкес екенін көрсетті. Мысалы, силлабустардағы пәннің мақсаты мен міндеттері БББ-ның модульдік кешенімен үйлеседі, дублин дискрипторына сәйкес құзыреттіліктер қойылған, пән мазмұнын жүзеге асырудың академиялық күнтізбесі оқу жоспарымен бірдей, аралық бақылаулар және қорытынды бақылау сұрақтары пән кредит санымен шығарылған. Білім алушыны бағалау критерийлері қойылған. Силлабустағы пәннің академиялық саясатында білім алушының құқықтары мен міндеттері нақты көрсетілген.

Кафедра оқытушыларының педагогикалық және ғылыми әлеуеті тиісті деңгейде. Оқытушылардың оқу құралдарын, әдістемелік әдебиеттерді және монографиялық зерттеулерін университет есебінен шығару мүмкіндігі бар.

Аудиттік кезеңде оқу-әдістемелік жұмыс бойынша маман даярлаушы кафедра оқытушылары 9 оқу құралын дайындап шығарған. Атап айтсақ, Ш.Ибраев «Абай феномені», «Абайдың ақындық бейнесі»; Г.Жылқыбай «Тілдің жалпы теориясы», «Тіл білімі тарихы», «Қазақ лингвистикасындағы ғылыми зерттеулер»; М.Әліпхан «Адамгершілік ілімі және хакім Абай», «Абайтанудың өзекті мәселелері» .

Бұл ББ бойынша оқытушылар жүйелі түрде монография, оқу құралдары мен сөздіктер төмендегі кестеде шығарады.

Кесте -1

202-2022 оқу жылы бойынша

№	Авторы	Ғылыми еңбектің атауы мен баспа мәліметтері
1.	Адильбекова Э.	Kırgız Epik Destanı Ve Tabıldı Destanı, Түркістан 2021ж, 172б.
2.	Нурмагомбетова Ы.	Örneklerle Türkçe Öğretim Yöntemleri, Шымкент, 2022, 150б.
3.	Каримова Ш.	Türkçe Öğretim Yöntemleri Ders Notları, Шымкент, 2022, 105б.

2022-2023 оқу жылы бойынша

№	Авторы	Ғылыми еңбектің атауы мен баспа мәліметтері
1	Утебеков С.	Divani Hikmet'in Kökşetav Nüshası. Монография, Түркия, Чанаккале, 2022ж, 537б.

2023-2024 оқу жылы бойынша

№	Авторы	Ғылыми еңбектің атауы мен баспа мәліметтері
1	Алашбаев Е, Усенбаева Ш.	Түрікше-қазақша-орысша тақырыптық сөздік, «Еркін и К»2023ж, Кентау, 111 б,
2	Халил Четин	Kazak Mitolojisi Araştırmaları. Түркия, 2023ж, 289б. (оқу құралы)
3	Адилбекова Э, Слоботчиков О.	Наследие Рима: монография: 6т, Москва 2024ж, 456 б.
4	Утебеков С.	Abdurahman Özkendi. Kıssa Dastan Çingiz Han. 2023ж, 128б.
5	Утебеков С.	Түрікше-қазақша лингвистикалық терминдерді аудару мәселесі, 2024ж, Тұран баспасы 151 б.
6	Алашбаев Е.	LAYLI MACNUN KISSASI (Inceleme Metin). Монография, 2024, 267б.
7	Алашбаев Е. Утебеков С.	Қазақша Ләйлі Мәжнүн қиссасы, Монография, 2024ж, 261б.

2024-2025 оқу жылы бойынша

№	Авторы	Ғылыми еңбектің атауы мен баспа мәліметтері
